

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Аягөз ауданы Ақшәулі ауылдық округінің Қарабұлақ елді мекеніне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Ақшәулі ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Ақшәулі ауылдық округінің әкімінің 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 желтоқсанда № 6416 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Аягөз аудандық аумақтық бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың міндетін атқарушының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 198 ұсынысы негізінде, Ақшәулі ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Мүйізді ірі қара малдарының арасынан бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілуіне байланысты Аягөз ауданы Ақшәулі ауылдық округінің Қарабұлақ елді мекеніне белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Ақшәулі ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 1 "Аягөз ауданы Ақшәулі ауылдық округінің Қарабұлақ елді мекеніне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6069 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2019 жылғы 25 шілдеде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақшәулі ауылдық округінің әкімі*

*С. Мустафин*